NEC

MultiSync E224Wi
MultiSync E243WMi

Пайдаланушы нұсқаулығы



Индекс

Абайлаңыз, Назар аударыңыз Қазақ-1
Тіркеу туралы ақпарат Қазақ-2
Ұсынылған пайдалану Қазақ-4
Жиынтық құрамы Қазақ-6
Жылдам іске қосу Қазақ-6
Басқару элементтері Қазақ-12
Сипаттамалары - E224Wi Қазақ-16
Сипаттамалары - E243WMi Қазақ-17
Мүмкіндіктер Қазақ-18
Ақауларды жою Қазақ-19
TCO Certified дисплейлері 6 ..... Қазақ-20
Өндірушінің қайта пайдалану және энергия туралы ақпараты Қазақ-21

АБАЙЛАҢЫЗ!

ӨРТТІҢ ПАЙДА БОЛУ НЕМЕСЕ ТОК СОҒУ ҚАУІПТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖАҢБЫР АСТЫНДА ҚАЛДЫРМАҢЫЗ НЕМЕСЕ ЫЛҒАЛ ЖЕРГЕ ҚОЙМАҢЫЗ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАНҒАН АШАСЫНЫҢ ТІСТЕРІ ТОЛЫҚ КІРМЕСЕ, ҰЗАРТҚЫШ РОЗЕТКАСЫНА НЕМЕСЕ БАСҚА РОЗЕТКАЛАРҒА ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

ІШІНДЕ ЖОҒАРЫ КЕРНЕУЛІ КОМПОНЕНТТЕР БОЛҒАНДЫҚТАН, КОРПУСЫН АШПАҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН БІЛІКТІ МАМАНҒА КӨРСЕТІҢІЗ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ТОК СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚУАТ СЫМЫ РОЗЕТКАДАН АЛЫНҒАНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚУАТЫН ТОЛЫҚТАЙ АЖЫРАТУ ҮШІН ҚУАТ СЫМЫН РОЗЕТКАДАН АЖЫРАТЫҢЫЗ. ҚАҚПАҚТЫ (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ЖАҒЫН) АШПАҢЫЗ. ІШІНДЕГІ БӨЛШЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУШЫ ЖӨНДЕЙ АЛМАЙДЫ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН БІЛІКТІ МАМАНҒА КӨРСЕТІҢІЗ.

Осы таңба пайдаланушыға құрылғы ішіндегі изоляцияланбаған кернеудің ток соғуға жеткілікті күші бар екендігін ескертеді. Сондықтан, құрылғы ішіндегі кез келген бөлшекті ұстау қауіпті болып табылады.

Осы таңба пайдаланушыға осы құрылының жұмыс істеуіне және сақталуына қажетті маңызды құжат бар екендігін хабарлайды. Сондықтан, қандай да бір ақаудың алдын алу үшін оны мұқият оқу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Төмендегі кестеге сай осы дисплеймен бірге берілген қуат сымын пайдаланыңыз. Қуат сымы осы құрылғымен бірге берілмеген болса, жеткізушіге хабарласыңыз. Басқа жағдайларда розетканың айнымалы кернеуіне сай келетін және тиісті елдің қауіпсіздік талаптары бойынша расталған және оған сай қуат сымын пайдаланыңыз.

Аша түрі	**Солтүстік Америка**	**Еуропалық Континенттік**	**Біріккен Корольдік**	**Қытай**	**Жапон**
Аша пішіні					
Ел	АҚШ/Канада	ЕО (Біріккен Корольдіктен басқа)	Біріккен Корольдік	Қытай	Жапония
Кернеу	120*	230	230	220	100

*Айнымалы тогі 125-240В болатын мониторды қоладнылатын айнымалы ток розеткасының қуатына сай келетін қуат сымын пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ: Осы құрылғыға сатып алынған елде қызмет көрсетіледі.

Тіркеу туралы ақпарат

FCC ақпараты

1. Радио және теледидар қабылдауына кедергі келтірмейтіндей берілген кабельдерді MultiSync E224Wi (L222VW)/MultiSync E243WMi (L243QP) түсті мониторымен пайдаланыңыз.

   (1) Қолданылатын қуат сымы АҚШ қауіпсіздік стандарттары бойынша расталып, сол стандарттарға және келесі жағдайға сай болуы керек.

Қуат сымы Аша пішіні	Экрандалмаған түрі, 3 контактілі  АҚШ

   (2) Берілген қорғаныш қабатты бейне-сигнал кабельді пайдаланыңыз.
   Басқа кабельдер мен адаптерлерді пайдаланы радио және теледидар қабылдауына кедергі келтіруі мүмкін.

2. Осы құрылғы тексерілген және B класына жататын сандық құрылғының шектеулеріне және FCC ережелерінің 15-бөліміне сай. Осы шектеулер стационарлы орнатудағы қауіпті кедергіге қарсы қорғанысты ұсынуға арналған. Осы құрылғы радио жиілік энергиясын жасайды, пайдаланады және шығарады, ал нұсқауларға сай орнатылмаса және қолданылмаса, радио байланыстарына кедергі келтіруі мүкмін. Бірақ, кедергінің тиісті орнатуда пайда болмайтынына кепілдік жоқ. Осы құрылғыны қосу және өшіру кезінде радио не теледидар қабылдауына кедергі келсе, пайдаланушы келесі әрекеттердің бірін не бірнешеуін орындау арқылы кедергіні жойып көруі керек:

   - Қабылдағыш антеннаның бағытын өзгертіңіз немесе орнын ауыстырыңыз.
   - Құрылғы мен қабылдағыш арасын алшақтатыңыз.
   - Құрылғыны қабылдағыш қосылған орыннан басқа розеткаға жалғаңыз.
   - Анықтама алу үшін дилерге немесе радио не теледидар маманына хабарласыңыз.

   Қажет болса, пайдаланушы қосымша ұсыныстар алу үшін дилерге немесе радио не теледидар маманына хабарласуы керек. Пайдаланушы Байланыс жөніндегі федеральды агенттік ұсынған келесі кітапшаны таба алады: «Радио-теледидар кедергісіне қатысты мәселені анықтау және шешу жолы.» Осы кітапша Вашингтон қаласындағы 20402, Инв. № 004-000-00345-4 АҚШ-тың мемлекеттік типографиясынан шығады.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сай келеді. Операция келесі екі жағдайға сәйкес. (1) Осы құрылғы қауіпті кедергілерге әкелмеуі мүмкін және (2) осы құрылғы қажетсіз операцияға әкелетін кедергімен қоса, кез келген кедергіні қабылдауы керек.

АҚШ-тағы жауапты тарап: мекенжайы:	**NEC Display Solutions of America, Inc.** **500 Park Boulevard, Suite 1100** **Itasca, Illinois 60143**
Тел. №	**(630) 467-3000**

Өнім түрі:	Дисплей
Құрылғы классификациясы:	B класына жататын периферияльық құрылғы
Үлгісі:	MultiSync E224Wi (L222VW) MultiSync E243WMi (L243QP)

Осы құжатпен жоғарыда аталған құрылғының байланыс жөніндегі федеральды агенттіктің ережелерінде көрсетілген техникалық стандарттарға сай келетінін хабарлаймыз.

- Осы құрылғы кеңседе немесе тұрмыстық ортада ақпараттық техникалық құрылғы ретінде қолданылады.
- Құрылғы компьютерге жалғауға арналған және теледидардың тікелей тарату сигналдарының дисплейіне арналмаған.

Windows - Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгісі. NEC - NEC корпорациясының тіркелген сауда белгісі.
ErgoDesign - NEC Display Solutions, Ltd. компаниясының Австрия, Бенелюкс, Дания, Франция, Германия, Италия, Норвегия, Испания, Швеция, Біріккен Корольдік елдерінде тіркелген сауда белгісі. Басқа сауда белгілері мен өнім атаулары оның тиісті иелерінің сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.
Energy Star - АҚШ-тың тіркелген сауда белгісі.
Energy Star® серіктесі ретінде NEC Display Solutions of America, Inc. осы өнімнің энергияны үнемдеудің **Energy Star** нұсқауларына сай келетіндігін білдіреді. **Energy Star** таңбасы ешбір өнімнің не қызметтің EPA мақұлдауын білдірмейді.
DisplayPort, DisplayPort Compliance Logo Құрама Штаттарында және басқа елдерде Video Electronics Standards Association компаниясының сауда белгілері болып табылады.

Ұсынылған пайдалану

Қауіпсіздік шаралары және сақтау

ОҢТАЙЛЫ ЖҰМЫС ӨНІМДІЛІГІ MULTISYNC LCD ТҮСТІ МОНИТОРЫН ОРНАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІНІ ЕСКЕРІҢІЗ:

- **МОНИТОРДЫ АШПАҢЫЗ.** Ішінде пайдаланушы жөндей алмайтын бөлшектер бар және қақпақты ашу не алып тастау ток соғу немесе басқа қауіптерді тудырады. Барлық жөндеу жұмыстары үшін қызмет көрсету қызметінің білікті маманына хабарласыңыз.
- Корпусқа сұйықтық құймаңыз немесе мониторды судың жанында пайдаланбаңыз.
- Корпустың саңылауына ешқандай зат салмаңыз, ол қауіпті не өліммен аяқталатын не ток соғу, өрт пайда болу немесе құрылғының істен шығуына әкелетін жоғары кернеулі бөлшектерге тиюі мүмкін.
- Қуат кабеліне ауыр заттар қоймаңыз. Кабельдің зақымдануы ток соғу не өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Осы құрылғыны еңіс не тұрақсыз тұғырға немесе үстелге қоймаңыз, монитор құлап, оған үлкен зақым келуі мүмкін.
- Қолданылатын қуат кабелі елдің қауіпсіздік стандарттары бойынша бекітілуі және оған сай болуы керек. (H05VV-F 3G 0,75 мм^2 түрі Еуропада қолданылуы керек).
- Біріккен Королдікте осы монитормен қолдану үшін қара (5A) сақтандырғышы бар құйылған ашалы BS бекіткен қуат кабелін пайдаланыңыз.
- Мониторды үстіне ешнәрсе қоймаңыз және маониторды далада пайдаланбаңыз.
- Қуат кабелін майыстырмаңыз.
- Мониторды жоғары температуралы, ылғал, шаң немесе майлы орындарда пайдаланбаңыз.
- Монитордағы желдеткішті жаппаңыз.
- Діріл артқы артқы шамды зақымдауы мүмкін. Монитор үздіксіз дірілдейтін орынға қоймаңыз.
- Монитор не әйнек сынса, сұйық кристалды ұстамаңыз және абай болыңыз.
- Жер сілкінісі немесе басқа соққы салдарынан болатын сұйық кристалдық мониторды зақымдануының алдын алу үшін мониторды тұрақты орынға орнатылғанын тексеріңіз және құлап кетудің алдын алыңыз.

Осындай жағдайда қуатты дерек ажыратып, мониторды қабырғадағы розеткадан суырыңыз және қауіпсіз орынға апарып, қызмет көрсету қызметінің білікті маманына хабарласыңыз. Егер монитор осы қалыпта пайдаланылса, оның құлауы, өрттің пайда болуы және ток соғуы мүмкін:

- Монитор тұғыры жарылған немесе ашық болса.
- Монитор тербеліп тұрған болса.
- Мониторан жағымсыз иіс шықса.
- Қуат кабелі немесе аша зақымданған кезде.
- Сұйықтық құйылса немесе мониторға зат түсіп кетсе.
- Монитор жаңбыр не су астында қалса.
- Монитор құласа немесе корпус зақымданса.
- Монитор келесі жұмыс істеу нұсқаулары бойынша дұрыс істемесе.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жылу дұрыс таратылатындай мониторды айналасына тиісті желдетілетін орын қалдырыңыз. Желдету саңылауын бітемеңіз немесе мониторды батарея не басқа да жылу құрылғыларының жанына қоймаңыз. Мониторға ешнәрсе қоймаңыз.
- Қуат кабелі жүйені қуат көзінен ажырататын негізгі құрал болып табылады. Монитор оңай алынатын розеткаға жақын орналасуы керек.
- Тасымалдау кезінде сақ болыңыз. Тасымалдау үшін қорапты алып қойыңыз.
- Тасымалдау, бекіту және реттеу кезінде сұйық кристалды дисплей бетін ұстамаңыз. Сұйық кристалдық дисплейге күш салу оны зақымдауы мүмкін.

Қалдық кескін әсері: Қалдық кескін әсері - алдыңғы кескіннің қалдығы не көлеңкесі экран бетінде қалуы. Электрондық-сәулелік түтікшелі мониторға қарағанда сұйық кристалды мониторлардың қалдық кескін әсері тұрақты емес, бірақ ұзақ уақыт бойы көрсетілетін тұрақты кескіндерді болдырмау керек. Қалдық кескін әсерін азайту үшін мониторды алдыңғы кескін көрсетілген уақытқа өшіріңіз. Мысалы, кескін монитордa бір сағат көрсетіліп, қалдық кескін қалса, кескінді жою үшін мониторды бір сағатқа өшіруіңіз керек.

ЕСКЕРТУ: Барлық дисплей құрылғылары секілді NEC DISPLAY SOLUTIONS экран күту режимінде болған кезде экран сақтағышты пайдалануды немесе қолданылмаған кезде мониторды өшіріп қоюды ұсынады.

МОНИТОРДЫ ДҰРЫС ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ
КӨЗДІҢ, ИЫҚТЫҢ ЖӘНЕ МОЙЫННЫҢ ШАРШАУЫН АЗАЙТАДЫ.
МОНИТОРДЫ ОРНАЛАСТЫРҒАН КЕЗДЕ КЕЛЕСІНІ ТЕКСЕРІҢІЗ:



- Монитордың қалыпты жұмыс істеуі үшін 20 минуттай қыздырыңыз.
- Экранның жоғарғы бөлігі көз деңгейімен бірдей не сәл болатындай етіп мониторды реттеңіз. Экранның ортасына қараған кезде көзіңіз аздап төмен қарап тұруы керек.
- Мониторды 40 см-ден (15,75 дюйм) жақын және көзден 70 см-ден (27,56 дюйм) алыс қоймаңыз. Қалыпты аралық 50 см(19,69 дюйм).
- Кемінде 20 фут қашықтықтағы нысанды фокустау арқылы көзді тұрақты демалдырып тұрыңыз. Жиі жыпылықтатыңыз.
- Шағылысуды азайту үшін мониторды терезеге және басқа жарық көздеріне 90° бұрышқа қойыңыз. Төбедегі шамдар экранға түспейтіндей мониторды еңкейтіңіз.
- Шағылысқан шам экранды көруді қиындатса, шағылысуға қарсы сүзгіні пайдаланыңыз.
- Сұйық кристалды мониторды түксіз және жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Тазартуға арналған ерітіндіні немесе әйнек тазалағышты пайдаланбаңыз!
- Оқу мүмкіндігін жақсарту үшін мониторды жарықтығы мен контрастын реттеңіз.
- Экранға жақын орналасқан құжат бекіткішті пайдаланыңыз.
- Мәтінді теру кезінде басыңызды жиі бұрмас үшін алдыңызға көп қарайтыныңызды (экранды немесе құжатты) қойыңыз.
- Қалдық кескін әсерін (кескіннен кейінгі әсер) болдырмас үшін ұзақ уақыт бойы мониторда қозғалмайтын кескінді көрсетпеңіз.
- Көру қабілетін жиі тексеріңіз.

Эргономика

Ең жоғарғы эргономика артықшылықтарын алу үшін келесілерді ұсынамыз:

- Көздің талуын болдырмас үшін жарықтықты орташа параметрге қойыңыз. Жарықтық үішн сұйық кристалды экранның жанына ақ қағаз қойыңыз.
- Контрасттың ең үлкен параметріне қоймаңыз.
- Алдын ала орнатылған өлшемді және стандартты сигналдары бар күйді пайдаланыңыз.
- Алдын ала орнатылған түс параметрін пайдаланыңыз.
- Тік регенерация жылдамдығы 60-75 Гц болатын кескін жаймасының сигналдарын пайдаланыңыз.
- Қара фонда негізгі түс ретінде көк түсті пайдаланбаңыз, бұл контрасттың жетіспеушілігіне байланысты көруді қиындатады және көздің тез талуына әкеледі.

Сұйық кристалды панельді тазалау

- Сұйық кристалды дисплей шаң болған кезде жұмсақ шүберекпен ақырын сүртіңіз.
- Сұйық кристалды панельді қатты шүберекпен сүртпеңіз.
- Сұйық кристалды дисплей бетіне күш салмаңыз.
- Тазалауға арналған құралды пайдаланбаңыз, бұл сұйық кристалды дисплей бетін зақымдауы не өңін кетіруі мүмкін.

Корпусты тазалау

- Қуат көзін ажыратыңыз
- Корпусты жұмсақ шүберекпен ақырын сүртіңіз
- Корпусты тазалау үшін қандай да бір жуу құралымен және сумен шүберекті дымқылдап, корпусты сүртіңіз де, кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

ЕСКЕРТУ: Корпус бетін жасауға пластмассаның бірнеше түрі қолданылады. Корпусты тазалауға бензин, ерітінді, спирт қосылған жуу құралы, әйнек тазалағыш, балауыз, жуу ұнтағы немесе инсектицид ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. Корпусқа резина немесе винилді беттерді ұзақ тигізбеңіз. Сұйықтық пен материалдардың осы түрлері корпусты зақымдауы, жаруы немесе бояуын кетіруі мүмкін.

Дұрыс жұмыс ортасын қалыптастыру туралы қосымша ақпарат алу үшін компьютер жұмыс орындарын адам факторларын ескеріп жобалау жөніндегі американдық ұлттық стандарт - ANSI/HFES 100-2007 - Адам факторларын зерттеу қоғамына хат жазыңыз. 1369-жәшік, Санта-Моника, 90406 Калифорния.

Жиынтық құрамы

Жаңа NEC сұйық кристалдық монитор қорабында* келесілер болуы керек:

- Еңкейтуге/шалқайтуға/бұруға арналған тұғыры бар сұйық кристалдық монитор
- Қуат кабелі
- Бейнесигнал кабелі (DVI-D - DVI-D кабелі)
- Бейнесигнал кабелі (15 тісті D-SUB шағын қосқышы - 15 тісті D-SUB шағын қосқышы)
- Орнату нұсқаулығы
- База
- Дыбыс кабелі*2



Орнату нұсқаулығы | Қуат кабелі*1 | Бейнесигнал кабелі | DVI-D - DVI-D кабелі | База | Сұйық кристалдық монитор (База жалғанбаған)

* *Мониторды тасымалдау немесе көшіру үшін бастапқы қорапты және қаптайтын материалды міндетті түрде сақтаңыз.*

*1 *Қуат кабелінің түрі сұйық кристалдық монитордың тасымалданған орнына байланысты болады.*

*2 E243WMi ғана.

Жылдам іске қосу

Базаны сұйық кристалдь дисплей тірегіне жалғау үшін:

1. Мониторды жұмсақ бетке алдыңғы жағын төмен қаратып қойыңыз (1-сурет).

ЕСКЕРТУ: Алдыңғы жақтағы түймелерді зақымдап алмас үшін монитордың бетін төмен қаратқан кезде абай болыңыз.

2. Базаны 1-суретте көрсетілгендей 90 градусқа бұрыңыз.

ЕСКЕРТУ: Тіректі тарту кезінде абай болыңыз.

3. Базаны сұйық кристалды мониторға жалғаңыз және базаның төменгі жағындағы бұранданы дұрыстап бекітіңіз (**2-сурет**).

ЕСКЕРТУ: Мониторды жинайтын кезде осы процедураны кері бағытта орындаңыз.



1-сурет



2-сурет

Сұйық кристалды мониторды жүйеге қосу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

ЕСКЕРТУ: Орнатпас бұрын «Ұсынылған пайдалану» (4-бет) бөлімін оқыңыз.

1. Компьютер қуатын ажыратыңыз.
2. **DVI сандық шығысы бар компьютер немесе MAC компьютері үшін:** DVI сигналының кабелін компьютердегі бейнеадаптер тақтасының қосқышына жалғаңыз (**A.1-сурет**). Барлық бұрандаларды қатайтыңыз.

   Аналогтық шығысы бар компьютер үшін: 15 тісті шағын қосқышты D-SUB сигналының кабелін компьютердің бейнеадаптер тақтасының қосқышына жалғаңыз (**A.2-сурет**).

   MAC компьютері үшін: Macintosh кабель адаптерін (жиынтықта жоқ) компьютерге жалғап, 15 тісті шағын қосқышы бар D-SUB сигналының кабелін Macintosh кабель адаптеріне жалғаңыз (**A.3-сурет**).

ЕСКЕРТУ: Кейбір Macintosh жүйелері қандай да бір Macintosh кабель адаптерін қажет етпейді.

DisplayPort шығысы бар компьютер үшін: DisplayPort кабелін (жиынтықта жоқ) компьютердің бейнеадаптер қосқышына жалғаңыз (**A.4-сурет**).



A.1-сурет **A.2-сурет** Macintosh кабель адаптері (жиынтыққа кірмейді) **A.3-сурет** DisplayPort кабелі (жиынтыққа кірмейді) **A.4-сурет**

ЕСКЕРТУ: 1. DisplayPort логотипі бар DisplayPort кабелін пайдаланыңыз.
2. DisplayPort кабелін алған кезде құлыпты босату үшін жоғарыдағы түймені төмен қарай басып тұрыңыз.
3. DisplayPort қосқышы жалғанған компонентке қуат жеткізбейді.

3. Сұйық кристалдық дисплей тақтасын 20 градус бұрышқа еңкейту және ең жоғары күйге көтеру үшін қолыңызды монитордың екі жағына қойыңыз.
4. Барлық кабельдерді тиісті қосқыштарға жалғаңыз (**C.1-сурет**).

ЕСКЕРТУ: Кабельді дұрыс жалғамау дұрыс жұмыс істемеуге, дисплей сапасын/сұйық кристалдық дисплей модулінің компонентерін зақымдауы және/немесе модульдің жарамдылығын қысқартуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Экранды көтеру не түсіру үшін қолыңызды монитордың екі жағына қойып, қажетті биіктікке көтеріңіз немесе түсіріңіз. Экранды түсіру үшін тұтқаны пайдаланған кезде саусағыңызды қысып алуыңыз мүмкін.





C.1-сурет

* E243WMi ғана.

Қазақ

5. Кабельдерді жинап қою үшін тірекке бекітілген кабельді басқару жүйесіне салыңыз.
   Кабельдерді ілмекке мықтап және теңестіріп салыңыз (**С.2-сурет** және **С.3-сурет**).

ЕСКЕРТУ: Кабель қабығы алынбайды.

6. Кабельдер салынғаннан кейін де монитор экранын айналдыруға, көтеруге және түсіруге болатынын тексеріңіз.



С.2-сурет



С.3-сурет

*1 Кабель жиынтыққа кірмейді.
*2 E243WMi ғана.

7. Қуат кабелінің бір ұшын монитордың артқы жағындағы айналмалы ток кірісіне, ал екінші ұшын розеткаға жалғаңыз.

ЕСКЕРТУ: Айналмалы токтік қуат кабелін дұрыс таңдау үшін осы нұсқаулықтың «Назар аударыңыз!» бөлімін қараңыз.

8. Компьютерді қосып, алдыңғы тақтадағы қуат түймесін басу арқылы мониторды қосыңыз (**Е.1-сурет**).
9. Контактісіз реттеу мониторды бастапқы орнатуда оңтайлы параметрлерге автоматты түрде реттейді. Басқа реттеулеу үшін келесі OSD параметрлерін пайдаланыңыз:
   - AUTO CONTRAST (Контрастіні автоматты реттеу) (тек аналогтық кіріс)
   - AUTO ADJUST (Автоматты реттеу) (тек аналогтық кіріс)

   Осы OSD параметрлерінің толық сипаттамасын алу үшін пайдаланушы нұсқаулығының «**Басқару элементтері**» бөлімін қараңыз.

ЕСКЕРТУ: Қандай да бір ақаулар болса, осы пайдаланушы нұсқаулығының «**Ақауларды жою**» бөлімін қараңыз.



Е.1-сурет

Монитор экранын көтеру және түсіру

Мониторды портрет немесе альбомдық режимде де көтеруге немесе түсіруге болады.
Экранды көтеру немесе түсіру үшін қолыңызды монитордың екі жағына қойып, қажеттік биіктікке көтеріңіз немесе түсіріңіз (**RL.1-сурет**).

ЕСКЕРТУ: Монитор экранын көтеру немесе түсіру кезінде абай болыңыз.



RL.1-сурет

Экранды бұру

Бұрмас бұрын қуат кабелі мен барлық кабельдерді ажыратыңыз, сонда экран ең жоғары деңгейге дейін көтеріледі және экранды үстелге ұрып алмай, саусақты қысып алмай еңкейтіңіз.
Экранды көтеру үшін қолыңызды монитордың екі жағына қойып, ең жоғарғы күйге көтеріңіз (**RL.1-сурет**).
Экранды бұру үшін қолыңызды монитор экранының екі жағына қойып, альбомдық режимнен портреттік режимге сағат тілімен бұрыңыз немесе портреттік режимнен альбомдық режимге сағат тіліне қарсы бұрыңыз (**R.1-сурет**).



R.1-сурет

Еңкейту және бұру

Монитор экранының жоғарғы және төменгі бөлігін ұстап, қажетінше еңкейтіңіз және бұрыңыз (**TS.1-сурет**).



TS.1-сурет

ЕСКЕРТУ: Монитор экранын еңкейту кезінде абай болыңыз.

Қозғалмалы кронштейнді орнату

Осы сұйық кристалды монитор қозғалмалы кронштейнмен пайдалануға арналған.

Бекіту мақсатында мониторды дайындау үшін:

- Дисплей тұғырын өндіруші ұсынған нұсқауларға сүйеніңіз.
- Қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін тұғыр монитор салмағын көтере алуы және UL бойынша сертификатталған болуы керек.

Орнату үшін монитор тірегін алу

Бекіту мақсатында мониторды дайындау үшін:

1. Барлық кабельдерді ажыратыңыз.
2. Қолыңызды мониторды екі жағына қойып, ең жоғарғы күйге дейін көтеріңіз.
3. Мониторды жұмсақ бетке төмен қаратып қойыңыз (**S.1-сурет**).

ЕСКЕРТУ: Монитор беті төмен қарап тұрған кезде абай болыңыз.

4. Тіректі мониторға бекітіп тұрған 4 бұранданы босатыңыз (**S.1-сурет**).

ЕСКЕРТУ: Бұрандаларды босату кезінде тіректі құлатып алмас үшін тіректі ұстап тұрыңыз.

5. Тіректі босату (**S.2-сурет**).
6. ЕНді мониторды басқа әдіспен орнатуға болады.
7. Кабельдерді монитордың артына жалғаңыз.

ЕСКЕРТУ: Монитор тірегін босатқан кезде абай болыңыз.



S.1-сурет



S.2-сурет

8. Тіректі қайта бекіту үшін осы процесті керісінше орындаңыз.

ЕСКЕРТУ: Басқа бекіту әдістері VESA талабына сай болы керек.
Тіректі босатқан кезде абай болыңыз.

ЕСКЕРТУ: Тіректі қайта бекіткен кезде «TOP SIDE» (ЖОҒАРҒЫ ЖАҒЫ) белгісін мониторды жоғары бөлігімен сәйкестендіріңіз.



Қозғалмалы кронштейнге бекіту

Осы сұйық кристалды монитор қозғалмалы кронштейнмен пайдалануға арналған.

1. Тіректі алу үшін «Орнату үшін монитор тірегін алу» бөліміндегі нұсқауды орындаңыз.
2. Кронштейнді мониторға бекіту үшін тіректен алынған 4 бұранданы пайдаланыңыз (**F.1-сурет**).

Назар аударыңыз! Мониторды не тіректі зақымдап алмас үшін ТЕК тіректен алынған бұрандаларды (4 дана) пайдаланыңыз. Қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін монитор салмағын ескере отырып қажетті беріктікке кепіл болатын кронштейнге бекітілуі керек. Сұйық кристалдық мониторды тек расталған кронштейнмен қолдану керек (мысалы, GS стандарты).



Сұйық кристалдық жиынтықтың салмағы: 3,9 кг (E224Wi)
4,3 кг (E243WMi)

F.1-сурет

Төмен монитор күйіне арнаалған қосымша VESA саңылаулары

Берілген конфигурациядағы монитор тірегінде бар күйге қарағанда төменірек монитор күйін қажет ететін пайдаланушылар үшін қосымша 4 VESA саңылаулары бар. 4 бұранданы пайдалана отырып монитор тұғырын VESA саңылауларының төменгі күйіне қайта бекітуге болады.

ЕСКЕРТУ: 1. VESA саңылауларының төменірек күйіне бекітілген кезде мониторды еңкейтілмеуі мүмкін.

2. VESA саңылауларының төменірек күйіне бекітілген кезде мониторды бұрмау керек.



Басқару элементтері

OSD (Экран мәзірі) басқару функциялары

1. Монитордың алдыңғы жағындағы сенсорлы пернелердің негізгі функциялары

OSD мәзірі	INPUT/RESET	SELECT	–	+
Экранда көрсетілмеу	Кіріс сигналын таңдайды.	OSD мәзірін көрсетеді.	Жарықтық таңбашасы.	Контраст мәзіріне төте жол (E224Wi). Дыбыс деңгейі мәзіріне төте жол (E243WMi).
Экранда көрсету				
Белгішені таңдау		OSD мәзірін көрсетеді және функция белгішесін таңдайды.	Солға жылжиды.	Оңға жылжиды.
Функцияны реттеу	Функцияны қалпына келтіреді.	Таңдалған белгішенің функциясының реттейді.	Азайтады.	Көтереді.

2. OSD құрылымы

Үлгі: E224Wi



Мысалы: TOOL қосымша мәзірі



AUDIO (ДЫБЫС) (E243WMi ғана)

Динамиктер немесе құлақаспаптардың дыбыс деңгейін басқарады.
Динамиктің шығыс дыбысын өшіру үшін Дыбыс белгішесін таңдап, «INPUT/RESET» (КІРІС/ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ) түймесін түртіңіз.

BRIGHTNESS (ЖАРЫҚТЫҚ)

Жалпы кескін мен фондық экран жарықтығын реттейді.
«ECO MODE» режимін қою үшін «INPUT/RESET» түймесін басыңыз.

ECO MODE OFF (ҮНЕМДЕУ РЕЖИМІ ӨШІРУЛІ): Жарықтықты 0%-дан 100%-ға қояды.
ECO MODE1 (1-ҮНЕМДЕУ РЕЖИМІ): Жарықтықты 80%-ға қояды.
Осы параметр жарықтықты Energy Star өлшем шарттарына сай келетін қуатты пайдалану ауқымында реттейді.
ECO MODE2 (2-ҮНЕМДЕУ РЕЖИМІ): Жарықтықты 40%-ға қояды.
Осы параметр жарықтықты қуат ең жоғарғы жарықтық параметрінен 30% -ға азайтылған ауқымда реттейді.

CONTRAST (КОНТРАСТ)

Фонға байланысты кескін жарықтығын реттейді.
DV MODE параметрін қою үшін «INPUT/RESET» түймесін басыңыз.

DV MODE: Экранның қара аймақтарын анықтап жарықтықты реттейтін және оны оңтайландыратын параметр.

AUTO CONTRAST (Контрастты автоматты реттеу) (тек аналогтық кіріс)

Стандартты емес бейне кірісіне көрсетілген кескінді реттейді.

AUTO ADJUST (Автоматты реттеу) (тек аналогтық кіріс)

Кескіннің орналасуын, көлденең өлшемін және анықтығын автоматты түрде реттейді.

LEFT/RIGHT (Сол/Оң) (Тек аналогтық кіріс)

Сұйық кристалды дисплейдің көрсету аймағында кескіннің көлденең орналасуын реттейді.

DOWN/UP (Жоғары/Төмен) (Тек аналогтық кіріс)

Сұйық кристалды дисплейдің көрсету аймағында кескіннің тік орналасуын реттейді.

H. SIZE (Көлденең өлшем) (Тек аналогтық кіріс)

Осы параметрді көбейту немесе азайту арқылы көлденең өлшемді реттейді.

FINE (Анықтық) (Тек аналогтық кіріс)

Осы параметрді көбейту немесе азайту арқылы фокусты, анықтықты және кескіннің тұрақтылығын жақсартады.

COLOR CONTROL SYSTEMS (ТҮСТІ РЕТТЕУ ЖҮЙЕЛЕРІ)

Бес түс параметрі (9300/7500/sRGB/USER/NATIVE) қажетті түс параметрін таңдайды.

COLOR RED (Қызыл түс)

Қызыл түсті көбейтеді немесе азайтады. Өзгеріс экранда пайда болады.

COLOR GREEN (Жасыл түс)

Жасыл түсті көбейтеді немесе азайтады. Өзгеріс экранда пайда болады.

COLOR BLUE (Көк түс)

Көк түсті көбейтеді немесе азайтады. Өзгеріс экранда пайда болады.

TOOL (Құрал)

«TOOL» параметрін таңдау қосымша мәзірге өтуге мүмкіндік береді.

OSD TOOL (OSD құралы)

«OSD TOOL» құралын таңдау қосымша мәзірге өтуге мүмкіндік береді.

FACTORY PRESET (Зауыттық параметр)

«Factory Preset» параметрін таңдау барлық OSD параметрлерін зауыттық параметрге қояды. Күшке ену үшін «INPUT/RESET» түймесін бірнеше секунд басып тұру керек. Жеке параметрлерді қалпына келтірілетін тармақты таңдап, «INPUT/RESET» түймесін басу арқылы қалпына келтіруге болады.

EXIT (Шығу)
«EXIT» параметрін таңдау OSD мәзірінен / қосымша мәзірінен шығуға мүмкіндік береді.

TOOL (Құрал)

EXPANSION (Кеңейтілім)
Масштабтау режимін таңдайды.
Кіріс сигналының уақыты бастапқы ажыратымдылықта болған кезде осы функция жұмыс істейді.
FULL (Толық): Кескін ажыратымдылыққа қарамастан, толық экранға үлкейтіледі.
ASPECT (Аспект): Қысу коэффициентін өзгертпей, кескінді үлкейтеді.

RESPONSE IMPROVE (Сезімталдықты арттыру)
«Response Improve» функциясын қосады немесе өшіреді.
«Response Improve» кейбір қозғалатын кескіндерде пайда болатын көмескілікті азайтады.

DDC/CI
Екі жақты байланысты және монитордың бақылауын ҚОСАДЫ немесе ӨШІРЕДІ.

CARBON SAVINGS (Көмірқышқыл газды сақтау)
Көмірқышқыл газды сақтаудың кг-мен есептелген ақпаратын көрсетеді.
Көмірқышқыл газды сақтаудың есебіндегі «көмірқышқыл із» факторы OECD (2008 жылғы шығарылым) стандартына негізделген.
Көмірқышқыл газды сақтау туралы ақпаратты INPUT/RESET түймесін басу арқылы қалпына келтіруге болады.

CARBON USAGE (Көмірқышқыл газды пайдалану)
Көмірқышқыл газды пайдаланудың кг-мен есептелген ақпаратын көрсетеді.
Бұл нақты есептеу мәні емес, арифметикалық есептеу болып табылады.
Көмірқышқыл газды пайдаланудың есебіндегі «көмірқышқыл із» факторы OECD (2008 жылғы шығарылым) стандартына негізделген.
Көмірқышқыл газды пайдалану туралы ақпаратты INPUT/RESET түймесін басу арқылы қалпына келтіруге болады.

MONITOR INFO (Монитор туралы ақпарат)
Монитордың үлгісін және сериялық нөмірін көрсетеді.

INPUT RESOLUTION (Кіріс ажыратымдылығы) (Тек аналогтық кіріс)
Пайдаланушы төмендегі арнайы кіріс сигналының уақытын таңдаған кезде осы функция жұмыс істейді.
Келесі сигналдардың біріне кіріс сигналының ажыратылымдылық басымдылығын таңдаңыз: 1280x768, 1360x768 және 1366x768 немесе 1400x1050 және 1680x1050.
1280x768, 1360x768, 1366x768: Ажыратымдылықты 1280x768, 1360x768 немесе 1366x768 мәндеріне қояды.
1400x1050, 1680x1050: Ажыратымдылықты 1400x1050 немесе 1680x1050 мәндеріне қояды.

OSD TOOL (OSD құралы)

LANGUAGE (Тіл)
OSD басқару мәзірі тоғыз тілде берілген.

OSD TURN OFF (OSD өшірулі)
OSD басқару мәзірі қолданылғанға дейін тұрады. «OSD TURN OFF» қосымша мәзірінде OSD басқару мәзірін өшіру үшін соңғы басқаннан кейінгі күту режимінің уақытын таңдауға болады. Параметрлер 5 секунд аралықпен 10 - 120 секунд аралығында.

OSD LOCK OUT (OSD блоктау)
Бұл басқару элементі VOLUME (ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ) (E243WMi ғана), BRIGHTNESS (ЖАРЫҚТЫҚ) және CONTRAST (КОНТРАСТ) функцияларынан басқа барлық OSD басқару функцияларына қатынасты толықтай блоктайды. OSD LOCK OUT функциясын іске қосу үшін TOOL қосымша мәзіріне кіріп, «OSD LOCK OUT» параметрін таңдаңыз да, «INPUT/RESET» және «+» түймесін «OSD LOCKED OUT» индикаторы пайда болғанға дейін қатар басып тұрыңыз. Өшіру үшін SELECT түймесін басып, экранда OSD басты мәзірі пайда болғанға дейін ұқсас қадамдарды қайталаңыз.

SIGNAL INFORMATION (Сигнал туралы ақпарат)
«ON» параметрін таңдасаңыз, кірісті өзгерткеннен кейін мониторда «VIDEO INPUT MENU» (Бейне кіріс мәзірі) мәзірі пайда болады.
«OFF» параметрін таңдасаңыз, кірісті өзгерткеннен кейін мониторда «VIDEO INPUT MENU» мәзірі пайда болмайды.

SOUND INPUT (ДЫБЫС КІРІСІ) (DisplayPort кірісі ғана) (E243WMi ғана)
Бұл функция AUDIO INPUT (ДЫБЫС КІРІСІ) немесе DISPLAYPORT кірісін таңдайды.

OSD Warning (OSD ескертуі)

«OSD Warning» мәзірлерін SELECT түймесін басу арқылы жабуға болады.

NO SIGNAL (Сигнал жоқ): Осы функция сигнал болмаған кезде ескерту береді. Қуат қосылғаннан кейін немесе кіріс сигналы өзгертілгенде немесе бейне қосылмаған кезде **NO SIGNAL** терезесі пайда болады.

OUT OF RANGE (Ауқымнан тыс): Осы функция оңтайландырылған ажыратымдылықтың ұсынысын және регенерация жиілігін береді. Қуат қосылғаннан кейін немесе кіріс сигналы өзгертілгенде немесе бейне сигналының уақыты дұрыс болмаған кезде **OUT OF RANGE** мәзірі пайда болады.

Сипаттамалары - E224Wi

Монитор сипаттамалары	MultiSync E224Wi мониторы	Ескертулер
СКД модулі Диагоналі: Экран кескінінің өлшемі: Стандартты ажыратымдылық (пиксель саны):	54,62 см/21,5 дюйм 54,62 см/21,5 дюйм 1920 x 1080	Белсенді матрица; жұқа таспалы транзистор (TFT) сұйық кристалдық дисплей (СКД); 0,248 мм нүктелі элемент; 250 кд/м² ақ жарық; 1000:1 контраст коэффициенті (стандартты), (25000:1 Контраст қатынасы, DV РЕЖИМІ ҚОСУЛЫ).
Кіріс сигналы		
DisplayPort: DisplayPort қосқышы:	Digital RGB	DisplayPort қосқышы HDCP үшін жарамды V1.2 стандартына сай
DVI: DVI-D 24 тісті:	Digital RGB	DVI (HDCP)
VGA: 15 тісті D-sub шағын қосқышы:	Аналогтық RGB синхрондау	0,7 Vp-p/75 ом Жеке синзрондау.TTL деңгейі Оң/Теріс
Дисплей түстері	16 777 216	Қолданылатын бейнеадаптеріне байланысты.
Синхрондау ауқымы Көлденең: Тік:	31,5 кГц - 81,1 кГц 56 Гц - 76 Гц	Автоматты Автоматты
Көру бұрышы Сол/Оң: Жоғары/Төмен:	±89° (CR > 10) ±89° (CR > 10)	
Қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтар (Кейбір жүйелері барлық берілген режимдерді қолдамауы мүмкін).	720 x 400*1 VGA мәтіні 60 Гц - 75 Гц ауқымында 640 x 480*1 56 Гц - 75 Гц ауқымында 800 x 600*1 75 Гц ауқымында 832 x 624*1 60 Гц - 75 Гц ауқымында 1024 x 768*1 75 Гц ауқымында 1152 x 870*1 60 Гц ауқымында 1280 x 960*1 60 Гц - 75 Гц ауқымында 1280 x 1024*1 60 Гц ауқымында 1440 x 900*1 60 Гц ауқымында 1680 x 1050*1 60 Гц ауқымында 1920 x 1080	NEC DISPLAY SOLUTIONS компаниясы монитордың қалыпты жұмыс істеуі үшін ұсынылған ажыратымдылықтарды береді.
Экраннын белсенді аймағы Көлденең бағыт: Көлд.: Тік: Тік бағыт: Көлд.: Тік:	476,1 мм/18,7 дюйм 267,8 мм/10,5 дюйм 267,8 мм/10,5 дюйм 476,1 мм/18,7 дюйм	
Қуат көзі	100 - 240 В ~ 50/60 Гц	
Номиналды ток	0,45 - 0,25 A	
Өлшемдер Көлденең бағыт: Тік бағыт: Биіктікті реттеу:	507,4 мм (Е) x 364,5 - 474,5 мм (Б) x 213,9 мм (Т) 20,0 дюйм (Е) x 14,4 - 18,7 дюйм (Б) x 8,4 дюйм (Т) 301,1 мм (Е) x 524,2 - 577,6 мм (Б) x 213,9 мм (Т) 11,9 дюйм (Е) x 20,6 - 22,7 дюйм (Б) x 8,4 дюйм (Т) 110 мм / 4,3 дюйм (Альбомдық бағдар) 53,4 мм / 2,1 дюйм (Кітап бағдары)	
Салмағы	5,9 кг (13,0 фунт) (тірекпен бірге)	
Экологиялық фактор Жұмыс температурасы: Ылғалдылық: Биіктігі: Сақтау температурасы: Ылғалдылық: Биіктігі:	 5°C - 35°C/41°F - 95°F 20% - 80% 0 - 6,562 фут/0 - 2,000 м -10°C - 60°C/14°F - 140°F 10% - 85% 0 - 40,000 фут/0 - 12,192 м	

*1 Интерполяцияланған ажыратымдылықтар: СКД модулінің пиксель санынан төмен ажыратымдылықтарды пайдаланған кезде мәтін әр түрлі көрсетілуі мүмкін. Бұл стандартты емес ажыратымдылықтарды толық экранда көрсеткен кезде барлық тегіс экранды технологиялар үшін қалыпты және ажыратылмайтын сипат болып табылады. Тегіс экранды технологияларда экрандағы әр нүкте бір пиксель. сондықтан ажыратымдылықтарды толық экранға үлкейту үшін ажыратымдылықты интерполяциялау қажет.

ЕСКЕРТУ: Техникалық сипаттама еш ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Сипаттамалары - E243WMi

Монитор сипаттамалары	MultiSync E243WMi мониторы	Ескертулер
СКД модулі Диагоналі: Экран кескінінің өлшемі: Стандартты ажыратымдылық (пиксель саны):	60,47 см/23,8 дюйм 60,47 см/23,8 дюйм 1920 x 1080	Белсенді матрица; жұқа таспалы транзистор (TFT) сұйық кристалдық дисплей (СКД); 0,275 мм нүктелі элемент; 250 кд/м² ақ жарық; 1000:1 контраст коэффициенті (стандартты), (25000:1 Контраст қатынасы, DV РЕЖИМІ ҚОСУЛЫ).
Кіріс сигналы		
DisplayPort: DisplayPort қосқышы:	Digital RGB	DisplayPort қосқышы HDCP үшін жарамды V1.2 стандартына сай
DVI: DVI-D 24 тісті:	Digital RGB	DVI (HDCP)
VGA: 15 тісті D-sub шағын қосқышы:	Аналогтық RGB синхрондау	0,7 Vp-p/75 ом Жеке синзрондау.TTL деңгейі Оң/Теріс
Дисплей түстері	16 777 216	Қолданылатын бейнеадаптеріне байланысты.
Синхрондау ауқымы Көлденең: Тік:	31,5 кГц - 81,1 кГц 56 Гц - 76 Гц	Автоматты Автоматты
Көру бұрышы Сол/Оң: Жоғары/Төмен:	±89° (CR > 10) ±89° (CR > 10)	
Қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтар (Кейбір жүйелері барлық берілген режимдерді қолдамауы мүмкін).	720 x 400*1 VGA мәтіні 60 Гц - 75 Гц ауқымында 640 x 480*1 56 Гц - 75 Гц ауқымында 800 x 600*1 75 Гц ауқымында 832 x 624*1 60 Гц - 75 Гц ауқымында 1024 x 768*1 75 Гц ауқымында 1152 x 870*1 60 Гц ауқымында 1280 x 960*1 60 Гц - 75 Гц ауқымында 1280 x 1024*1 60 Гц ауқымында 1440 x 900*1 60 Гц ауқымында 1680 x 1050*1 60 Гц ауқымында 1920 x 1080	NEC DISPLAY SOLUTIONS компаниясы монитордың қалыпты жұмыс істеуі үшін ұсынылған ажыратымдылықтарды береді.
Экраннын белсенді аймағы Көлденең бағыт: Көлд.: Тік: Тік бағыт: Көлд.: Тік:	527,0 мм/20,7 дюйм 296,5 мм/11,7 дюйм 296,5 мм/11,7 дюйм 527,0 мм/20,7 дюйм	
ДЫБЫС		
ДЫБЫС кірісі: STEREO Mini Jack: DisplayPort коннекторы:	Аналогтық дыбыс Сандық дыбыс	Стерео L/R 1,0 В орташа квадраттық 20 кОм PCM 2ch 32, 44,1, 48 кГц (16/20/24бит)
Құлақаспап шығысы: STEREO Mini Jack:		Құлақаспап кедергісі 32 Ом
Үндеткіш Ыңғайлы дыбыстық шығыс:	1,0 Вт + 1,0 Вт	
Қуат көзі	100 - 240 В ~ 50/60 Гц	
Номиналды ток	0,50 - 0,25 А	
Өлшемдер Көлденең бағыт: Тік бағыт: Биіктікті реттеу:	557,8 мм (Е) x 379,6 - 489,6 мм (Б) x 213,9 мм (Т) 22,0 дюйм (Е) x 14,9 - 19,3 дюйм (Б) x 8,4 дюйм (Т) 331,4 мм (Е) x 574,2 - 602,8 мм (Б) x 213,9 мм (Т) 13,0 дюйм (Е) x 22,6 - 23,7 дюйм (Б) x 8,4 дюйм (Т) 110 мм / 4,3 дюйм (Альбомдық бағдар) 28,6 мм / 1,1 дюйм (Кітап бағдары)	
Салмағы	6,3 кг (13,9 фунт) (тірекпен бірге)	
Экологиялық фактор Жұмыс температурасы: Ылғалдылық: Биіктігі: Сақтау температурасы: Ылғалдылық: Биіктігі:	 5°C - 35°C/41°F - 95°F 20% - 80% 0 - 6,562 фут/0 - 2,000 м -10°C - 60°C/14°F - 140°F 10% - 85% 0 - 40,000 фут/0 - 12,192 м	

*1 Интерполяцияланған ажыратымдылықтар: СКД модулінің пиксель санынан төмен ажыратымдылықтарды пайдаланған кезде мәтін әр түрлі көрсетілуі мүмкін. Бұл стандартты емес ажыратымдылықтарды толық экранда көрсеткен кезде барлық тегіс экранды технологиялар үшін қалыпты және ажыратылмайтын сипат болып табылады. Тегіс экранды технологияларда экрандағы әр нүкте бір пиксель. сондықтан ажыратымдылықтарды толық экранға үлкейту үшін ажыратымдылықты интерполяциялау қажет.

ЕСКЕРТУ: Техникалық сипаттама еш ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Мүмкіндіктер

Ықшамдалған корпус: Жоғары сапалы кескінді қажет ететін орны шектеулі орталарға тамаша шешім болып табылады. Монитордың шағын корпусы мен жеңіл салмағы оны бір орыннан екінші орынға жылжытуға немесе тасымалдауға мүмкіндік береді.

Түсті реттеу жүйелері: Экрандағы түстерді және монитор түсінің дәлдігін түрлі стандарттарға реттеуге мүмкіндік береді.

OSD (Экран мәзірі) басқару элементтері: Экран мәзірлерін пайдалану арқылы экран кескінінің барлық элементтерін реттеуге мүмкіндік береді.

NaViSet бағдарламалық құралы тінтуір мен пернетақта арқылы OSD параметрлерін оңай реттеуге мүмкіндік бере отырып кеңестілген және интуитивті графикалық интерфейсті ұсынады.

No Touch Auto Adjust (Контактісіз реттеу) (Тек аналогтық кіріс): Бастапқы орнатуда мониторға оңтайлы параметрлерді автоматты түрде қояды.

ErgoDesign мүмкіндіктері: Жұмыс орнын жақсартып, денсаулықты қорғап және ақшаны үнемдей отырып пайдаланушыға оңтайлы эргономикаларды ұсынады. Мысалы: кескінді оңай әрі тез реттеуге арналған OSD параметрлері; көріністің қажетті бұрышын алу үшін мониторды еңкейтуге арналған база; шағылысудың төмен деңгейі бойынша MPRII және TCO талаптарына сай келетін шағын корпус.

Plug and Play функциясы: Microsoft® және Windows® операциялық жүйесі дисплей жұмысын автоматты түрде оңтайландыратын компьютерге қарамастан, мониторға сипаттамадағы деректерді (мысалы, экран өлшемі және қолдау көрсетілетін ажыратымдылық) беруге мүмкіндік бере отырып, реттеуді және орнатуды жеңілдетеді.

IPM жүйесі (Қуат көзінің режимін интеллектуалды басқару): Қосулы кезде мониторға қуатты аз пайдалану деңгейіне ауысуға мүмкіндік бере отырып жоғары деңгейлі қуатты үнемдеу әдістерімен қамтамасыз етеді, бірақ кейде қолданылмайды, бұл жалпы қуат шығынының үштен екі бөлігін үнемдейді, сәулеленуді және жұмыс орнындағы ауа айналым шығын азайтады.

Қысқа жиілікті технология: Мониторды бейнеадаптердің сканерлеу жиілігіне автоматты түрде реттейді, сондықтан қажетті ажыратымдылықты көрсетеді.

FullScan функциясы: Кескін өлшемін айтарлықтай үлкейте отырып, кез келген ажыратымдылықта барлық экранды пайдалануға мүмкіндік береді.

VESA стандартты монтаждау интерфейсі: Пайдаланушыларға мониторды кез келген VESA стандартты интерфейсін жеткізушілердің кронштейніне жалғауға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаға әсері (E224Wi): Осы монитордың жылдық ең үлкен көмірқышқыл газының ізі (жан-жақты орташа мәні) шамамен 22,7 кг (келесі бойынша есептелген: номиналды күші x күніне 8 сағат x аптасына 5 күн x жылына 45 апта x қуаттан көмірқышқыл газына ауысу факторы - ауысу факторы 2008 жылғы шығарылымның жаһандық CO2 сәулеленуінің OECD шығарылымына негізделген).
Осы монитордың шығарылатын көмірқышқыл ізі шамамен 36,0 кг.
Қоршаған ортаға әсері (E243WMi): Осы монитордың жылдық ең үлкен көмірқышқыл газының ізі (жан-жақты орташа мәні) шамамен 23,6 кг (келесі бойынша есептелген: номиналды күші x күніне 8 сағат x аптасына 5 күн x жылына 45 апта x қуаттан көмірқышқыл газына ауысу факторы - ауысу факторы 2008 жылғы шығарылымның жаһандық CO2 сәулеленуінің OECD шығарылымына негізделген).
Осы монитордың шығарылатын көмірқышқыл ізі шамамен 37,3 кг.
Ескерту: Шығарылатын және жұмыс істейтін көмірқышқыл ізі мониторлар үшін NEC компаниясы құрастырған бірегей алгоритм бойынша есептеледі және басып шығару кезінде нақтыланады. NEC компаниясы жаңартылған көмірқышқыл ізінің мәндерін жариялауға жауапты.

HDCP (Өткізгіштігі жоғары сандық мазмұнды қорғау): HDCP - сандық көрнекі интерфейс (DVI) арқылы жіберілген бейне деректерді заңсыз көшірудің алдын алуға арналған жүйе. DVI кірісі арқылы материалды көру мүмкін болмаса, бұл диплейдің дұрыс жұмыс істемей тұрғанын білдірмейді. HDCP жүйесінің іске қосылғанда белгілі бір мазмұн HDCP жүйесімен қорғалуы мүмкін, сондықтан HDCP қауымдастығының (Digital Content Protection, LLC) шешіміне байланысты көрсетілмеуі мүмкін.

DisplayPort: DisplayPort жоғары сапалы цифрлық дисплей байланысына арналған болашақтағы өзгерістерге дайын және өзгермелі шешім болып табылады. Ол стандартты кабельдер арқылы ең жоғары ажыратымдылықтарды, ең жылдам жаңарту жиіліктерін және жоғары түс қанықтықтарын қамтамасыз етеді.

Ақауларды жою

Сурет жоқ

- Сигнал кабелі бейнеадаптер тақтасына немесе компьютерге толықтай жалғануы керек.
- Бейнедаптер тақтасы ұяға толықтай орнатылуы керек.
- Монитор DisplayPort түрлендіргіш сигналын қолдамайды.
- Алдыңғы қуат қосқышы мен компьютердің қуат қосқышы «ON» (Қосулы) күйінде тұрғандығын тексеріңіз.
- Қолданылатын бейнеадаптер тақтасында немесе жүйеде қолдау көрсетілетін режим таңдалғанын тексеріңіз. (Графика режимін өзгерту үшін бейнеадаптер тақтасының немесе жүйенің нұсқаулығын қараңыз.)
- Мониторды және бейнеадаптер тақтасын үйлесімділік пен ұсынылған параметрлерге сай келетінін тексеріңіз.
- Сигнал кабелінің қосқышындағы тістердің майыспағандығын тексеріңіз.
- Сигнал кірісін тексеріңіз.

«Power» (қуат) түймесі істемейді

- Өшіру үшін мониторды қуат кабелін айналмалы ток розеткасынан суырыңыз және мониторды қайта қалпына келтіріңіз.

Қалдық кескін әсері

- Қалдық кескін әсері - мониторды өшіргеннен кейін де кескіннің көлеңкесі экран бетінде қалуы. Электрондық-сәулелік түтікшелі мониторға қарағанда сұйық кристалды мониторлардың қалдық кескін әсері тұрақты емес, бірақ ұзақ уақыт бойы көрсетілетін тұрақты кескіндерді болдырмау керек.
  Қалдық кескін әсерін азайту үшін мониторды кескін көрсетілген уақытқа өшіріңіз. Мысалы, кескін мониторда бір сағат көрсетіліп, қалдық кескін қалса, кескінді жою үшін мониторды бір сағатқа өшіруіңіз керек.

ЕСКЕРТУ: Барлық дисплей құрылғылары секілді NEC DISPLAY SOLUTIONS экран күту режимінде болған кезде экран сақтағышты белгілі бір аралықта пайдалануды немесе қолданылмаған кезде мониторды өшіріп қоюды ұсынады.

«OUT OF RANGE» (Ауқымнан тыс) хабары пайда болды (экран бос немесе тым үлкен кескіндер көрінеді)

- Тым үлкен кескіндер көрінеді (пиксельдер жоқ) және «OUT OF RANGE» OSD ескерту пайда болады: Сигналдің тактілі жиілігі немесе ажыратымдылық өте жоғары. Қолдау көрсетілетін режимдердің бірін таңдаңыз.
- Бос экранда «OUT OF RANGE» OSD ескертуі пайда болады: Сигнал жиілігі ауқымнан тыс. Қолдау көрсетілетін режимдердің бірін таңдаңыз.

Кескін тұрақты емес, фокусталмаған немесе қалқымалы

- Сигнал кабелі компьютерге толықтай жалғануы керек.
- Анықтықты арттыру немесе азайту арқылы дисплейді фокустау және реттеу үшін OSD кескінді реттеу параметрін пайдаланыңыз. Дисплей режимін өзгерткен кезде OSD кескінді реттеу параметрін қайта реттеу қажет болуы мүмкін.
- Монитор мен бейнеадаптер тақтасын үйлесімділік және ұсынылған сигнал уақытының параметрлеріне сай келетіндігін тексеріңіз.
- Мәтін бұрмаланса, бейне режимін прогрессивті жаймаға өзгертіңіз және 60 Гц регенерация жиілігін пайдаланыңыз.

Кескін жеткілікті түрде жарық емес

- «ECO MODE» (үнемдеу режимі) режимі өшірулі екендігін тексеріңіз.

Монитордағы жарық диод жанбайды (көк немесе сары түс көрінбейді)

- Қуат қосқышы «ON» (қосулы) күйде және қуат кабелі жалғаулы болуы керек.

Экран кескінінің өлшемі дұрыс емес

- «H.SIZE» (көлденең) өлшемді үлкейту немесе кішірейту үшін OSD кескінді реттеу параметрлерін пайдаланыңыз.
- Қолданылатын бейнеадаптер тақтасында немесе жүйеде қолдау көрсетілетін режим таңдалғанын тексеріңіз.
  (Графика режимін өзгерту үшін бейнеадаптер тақтасының немесе жүйенің нұсқаулығын қараңыз.)

Бейне жоқ

- Экранда бейне болмаса, қуат түймесін басып өшіріп, қайта қосыңыз.
- Компьютер қуатты үнемдеу режимінде емес екенін тексеріңіз (пернетақтаны немесе тінтуірді басыңыз).
- Кейбір бейнеадаптер тақталары монитор өшірілгенде/қосылғанда немесе айналмалы токтің қуат кабелінен DisplayPort ажыратымдылығы төмен күйде ажыратылғанда/оған қосылғанда бейне сигналын шығарады.

Дыбыс жоқ (E243WMi)

- Динамик кабелі дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Дыбыстың өшірілгендігін тексеріңіз.
- OSD бөліміндегі дыбыс деңгейі минималды деңгейге орнатылғанын тексеріңіз.
- DisplayPort пайдаланылғанда таңдалған экрандық құралдарды тексеріңіз, «SOUND INPUT» (ДЫБЫС КІРІСІ).

Жарықтықтың өзгеруі уақытынан асты

- DV MODE параметрін «OFF» (өшірулі) күйге ауыстырып, жарықтықты өзгертіңіз.

ЕСКЕРТУ: DV MODE параметрі «ON» (қосулы) күйде болған кезде монитор жарықтықты ортаға байланысты реттейді. Ортаның жарықтығы өзгерген кезде монитор да өзгереді.

TCO Certified дисплейлері 6

(Бұл ағылшынша TCO Certified Displays 6 мәтінінің аудармасы болып табылады)

Құттықтаймыз!

Бұл өнім TCO Certified арқылы сенімді ақпараттық технология ретінде сертификатталған

TCO Certified – ақпараттық технология өнімдеріне арналған халықаралық үшінші тарап сенімділік сертификаты. TCO Certified ақпараттық технология өнімдерін өндіру, пайдалану және қайта өңдеу қоршаған орта, әлеуметтік және экономикалық жауапкершілік артады. Әр TCO Certified өнімінің үлгісі аккредиттелген тәуелсіз сынақ зертханасы арқылы тексерілген.

Бұл өнімнің TCO Certified шарттарының барлығына сай келетіндігі расталған, оның ішінде:

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
Әлеуметтік жауапты өндіріс – өндіретін елдегі жұмыс шарттары мен еңбек заңнамасы.
Энергия көзін пайдалану тиімділігі
Өнім мен қуат көзіне энергия көзін пайдалану тиімділігі. Energy Star келісімі жарамды орындарда.
Экологиялық басқару жүйесі
Өндірушінің ISO 14001 немесе EMAS стандартына сәйкес куәлігі болуы қажет.
Қауіпті заттардың азайтылуы
Кадмий, сынап, қорғасын және алты валенттік хром заттектеріне шектеу, оның ішінде құрамында сынап жоқ өнімдерге, галогенді заттарға және қауіпті өрттен қорғағыш өнімдерге қатысты талаптар.
Қайта өңдеу мүмкіндігімен жасақтау
Жеңіл қайта өңдеу үшін пластмассаны кодтау. Пайдаланылатын әр түрлі пластмасса санының шегі.
Өнімді пайдалану мерзімі, өнімді қайтару
Ең азы бір жылдық өнім кепілдігі. Қосалқы бөліктеріне ең азы үш жылдық қол жетімділік. Өнімді қайтаруға болады.
Орам
Өнімді ораған кезде қауіпті заттарды қолдану шектеуі. Орам қайта өңдеуге арналып жасалған.
Эргономикалық, пайдаланушыға бағытталған дизайн
Дисплейі бар өнімдердегі визуалды эргономика. Пайдаланушыға ыңғайлы етіп реттеледі (дисплейлер, құлақаспаптар)
Акустикалық құрылымы – өткір дыбыстарға (құлақаспаптар) және желдеткіш шуына (проекторлар, компьютерлер) қарсы қорғаныш
Пернетақтаның эргономикалық дизайны (жазу кітапшалары)
Электр қауіпсіздігі, ең төмен электр магниттік сәулелену
Үшінші тарап сынағы
Сертификатталған барлық өнім үлгілері тәуелсіз, аккредиттелген зертханада сынақтан өткен.

Толық талаптар жиынтығын www.tcodevelopment.com сайтынан жүктеуге болады, сондай-ақ бұл жерден барлық TCO Certified ақпараттық технология өнімдерінің іздеуге болатын дерекқорларын таба аласыз.

TCO Certified иесі болып табылатын TCO Development ұйымы 20 жылдан бері сенімді ақпараттық технология саласындағы халықаралық жетекші болып табылады. Certified талаптарын ғалымдар, сарапшылар, пайдаланушылар және өндірушілер дайындайды. Бүкіл әлемдегі ұйымдар TCO Certified сертификатын ақпараттық технологиядағы мақсаттарға жетуге көмектесетін құрал ретінде пайдаланады. Біз кеңсе қызметкерлерімен таныстыратын коммерциялық емес TCO ұйымының меншігіміз. TCO Development штаб-пәтері Швецияның Стокгольм қаласында орналасқан, Солтүстік Америкада және Азияда аймақтық өкілдері бар.

Қосымша ақпарат алу үшін өтіңіз:
www.tcodevelopment.com

Өндірушінің қайта пайдалану және энергия туралы ақпараты

NEC DISPLAY SOLUTIONS қоршаған ортаны қорғауға аса көңіл бөледі және қоршаған ортаға зиянды заттарды тастауды азайту мақсатында өнімді қайта өңдеуді басты мәселе ретінде қарайды. Экологиялық таза өнімдерді жасауға қатысамыз және ISO (Стандартизациялау жөніндегі халықаралық ұйым) және TCO (Швед кәсіподағы) секілді агенттіктердің соңғы стандарттарын анықтауға және оған сәйкестендіруге тырысамыз.

Қазақ

Ескі NEC өнімін тастау

Қайта өңдеудің мақсаты - материалды қайта пайдалану, жаңарту, қалпына келтіру немесе қайта өңдеу арқылы қоршаған ортаға зиян келтірмеу. Арнайы қалпына келтіру орындары қоршаған ортаға зиянды компоненттерді өңдеуге және қауіпсіз түрде жоюға мүмкіндік береді. Өнімді ең жоғарғы деңгейде қайта өңдеумен қамтамасыз ету үшін **NEC DISPLAY SOLUTIONS түрлі қайта өңдеу процедураларын ұсынады және** жарамдылығы толықтай аяқталғаннан кейін өнімді қоршаған ортаға зиян келтірмей жоюға кеңес береді.

Өнімді тастау және белгілі бір елдегі қайта өңдеу зауыттары туралы барлық қажетті ақпаратты келесі веб-сайттан таба аласыз:

http://www.nec-display-solutions.com/greencompany/ (Еуропада),

http://www.nec-display.com (Жапонияда) немесе

http://www.necdisplay.com (АҚШ-та).

Қуатты үнемдеу

Бұл мониторда энергияны үнемдеуге арналған жақсартылған мүмкіндіктер бар. Дисплей энергиясын жұмсауды басқару сигнал мониторға жіберілгенде энергияны үнемдеу режимі іске қосылады. Монитор жалғыз энергияны үнемдеу режиміне өтеді.

Режим	Қуатты пайдалану	Жарық диод түсі
Ең үлкен жұмыс	25 Вт (E224Wi) 26 Вт (E243WMi)	Көк
Қалыпты жұмыс	22 Вт (әдепкі параметр) (E224Wi) 19 Вт (әдепкі параметр, дыбыстық күту режимі) (E243WMi)	Көк
Қуатты үнемдеу режимі	0,40 Вт	Сары
Өшірулі режим	0,35 Вт	Жанбайды

WEEE белгісі (Еуропалық директива 2012/19/ЕО)

Еуропалық Одақ аумағында

Әр мүше елде қолданылатын ЕО аумағындағы заң сол жақтағыдай таңбасы бар электр және электрондық өнімдерді басқа тұрмыстық қоқыстан бөлек тастау керектігін талап етеді. Бұл мониторларды және электр бұйымдарын қамтиды, мысалы, сигнал кабельдері немесе қуат кабельдері. NEC дисплейін тастайтын кезде жергілікті әкімдіктің қаулысына сай тастаңыз немесе өнім сатып алынған дүкеннен тастауды сұраңыз немесе сіз бен NEC компаниясының арасындағы келісімге сай тастаңыз.

Электр және электрондық өнімдердегі таңба Еуропалық Одақтың қазіргі мүше елдеріне қолданылады.

Еуропалық Одақтан тыс

Қолданылған электр және электрондық өнімдерді Еуропалық Одаққа мүше емес елде тастайтын болсаңыз, дұрыс тастау әдісін пайдалану үшін жергілікті әкімдікке хабарласыңыз.

Қытайда жасалған

Веб-сайты: http://www.nec-display-solutions.com